

Зар Заман тарихы



Зар Заман Ақындары



- **Зар Заман Ақындары** – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет 1927 жылында белгілі қазақ жерінің жазушысы [М.Әуезов](#) еңгізген термин.
- [Зар заман](#) кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. Зар заман ақындары шоғырының белгілі ақындары [Дулат Бабатайұлы](#), [Сүйінбай Аронұлы](#), [Шортанбай Қанайұлы](#), т.б. Олар патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ халқының кері әсер еткенін, көптеген қиындықтар мен қайшылықтарды алып келгенін, заманның азғанын, ел- жұртқа береке қалмағанын, шығармаларының басты тақырыбы етіп алды.
- Жазушы М.Әуезов Зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, [Нарманбетпен](#) аяқтайды. Зар заман ақындары тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі .
- Зар заман ақындарын тарих сахнасына шығарған. Зар заман ақындары халқының жай-күйін, ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді.

Зар заман ақындарының өлеңдерінің мәні.



- **Зар заман ақындарының өлеңдерінің мәні.**
- Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен сұрқия саясаты Зар заман ақындарының өлең-жырларында жан-жақты суреттеледі. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсыласу қозғалысы Зар заман ақындарының қайраткерлік поэзиясын өмірге әкелді. Бұрынғы жыраулар поэзиясымен үндесіп жататын өршіл рух, әсіресе, Мұрат Мәңкеұлының жырларынан айқын байқалады.
- Зар заман ақындары шығармаларындағы ұлттық болмысты, қазақ қадыр-қасиетті сақтап қалуға үндеген ой-пікірлер жанайқаймен, шарасыздықпен, соңғы төзімді сарқа айтылғандығымен ерекшеленеді.
- Зар заман ақындарының шығармаларында сары уайымға салыну, қайғы-мұңға берілу сарыны да байқалады. Олар елдің басына түскен нәубетті ақырзаманның келгені деп ұғады. Бұл жердегі ақырзаман – ғаламдық апат, жарық дүниедегі көзге ілінген нәрсенің тып-типыл болуы, тұрасындағы емес, отаршылдықтың шеңгеліне мықтап түскен, ұлттың күйреуі сипатындағы ақырзаман. Зар заман ақындарының бірі адам қолымен жасалған зұлымдықтан, екіншілері діннің бұзылғандығынан деп топшылайды. Әсіресе, Шортанбай ақын шарасыздықтан дінді таяныш қылады.
- Зар заман ақындарының өлең-жырларында елмен қоштасу, туған жердің өткенін аңсау сарыны орын алған. Жалпы “ауа көшу”, “қонысты тастау” ұғымы көптеген халықтардың фольклорлық шығармаларына тән. Талауға түскен елден кетіп, жайлы жер, ыңғайлы қоныс іздеу идеясы еркіндік, бостандыққа ұмтылу мұраттарымен орайлас келеді. Ақындардың бірқатары жұтаған жер мен көшкен елге қайырылып сөз айтып тұрып, басқыншылық пиғыл мен зорлықшыл әрекеттерді зарлана жырға қосады.